

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығын " Санитарлық-эпидемиологиялық станциясы" мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1354 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының "Санитарлық-эпидемиологиялық станциясы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының " Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) болып аталсын.

2. Мекеменің негізгі міндеттері:
тіршілік ету орта объектілерінің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайда, халықтың денсаулығына әсер етуін кешенді бағалау;
халықтың жұқпалы, паразиттік аурулармен ауруының және улануының пайда болу себептері мен жағдайларын зерттеу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеменің жарғысына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізісін және оның әділет органдарына қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың әкімші-мекемелерінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бағдарламаларды орындайтын, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ заңға сәйкес мемлекеттік мекемелер етіп қайта тіркеуге жататын мекемелердің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы" деген реттік нөмірі 38-жолдағы "Санитарлық-эпидемиологиялық станциясы" деген 1-жол мынадай
р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"1 Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы".

5. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК